

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

27 тамыз 2025 жыл

Сәрсенбі

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы, регламент 10 минут*);

3.1.1. «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Шапамбаев Насриддин Заитовичтің 30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Шапамбаев Насриддин Заитовичтің 30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева Шапамбаев Насриддин Заитовичтің 30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

Абибуллаева: «Шапамбаев Насриддин Заитович университетте 2019 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 36 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 36 жыл. 2007 жылы медицина ғылымдарының кандидаттығын (18 жыл) қорғаған, 2008 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының «Анатомия» кафедрасының доцент міндетін атқарушы қызметінде, 2012 жылдан 2019 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтикалық академиясының «Фтизиатрия, сәулелі терапия және сәулелі диагностика» және «Терапиялық пәндер» кафедрасында доцент міндетін атқарушы қызметін атқарды.

2019 жылдың қыркүйек айынан бастап Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, 2024 жылдан бері кафедра меңгерушісі қызметін атқаруда.

30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша ізденуші Шапамбаев Насриддин Заитовичтың ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алғаннан кейін 20 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде монография – 1; процентилі 35 -тен жоғары импакт-факторға ие Скопус базасындағы журналдарда – 2; уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда – 11; шетелдік ғылыми журналдарда 3-мақаласы, халықаралық ғылыми конференцияларда - 3 мақаласы жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультетінің деканы, медицина ғылымдарының кандидаты Ж.Жагипарова сөз алып, «Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Шапамбаев Насриддин Заитовичтің 30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

- Шапамбаев Насриддин Заитович осы университетте 2019 жылдан бері қызмет атқарып келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде, түрлі қоғамдық ұйымдардың мүшесі және факультет кеңесінің мүшесі ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Шапамбаев Насриддин Заитович қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

3.1.1. ««Жалпы дәрігерлік практика №1» кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты Шапамбаев Насриддин Заитовичтің 30100 - «Медицина ғылымдары» бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман Абибуллақызы*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А.Абибуллаева